

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ  
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
«№66 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МКК**

## **ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ОҚЫТУ**

*Элективті курс бағдарламасы*

**11-сынып**



**Нұр-Сұлтан, 2022**

№66 мектеп-лицейінің әдістемелік кеңесінде каралып, қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңеске ұсынылды.  
Хаттама № 09, 17 қаңтар 2022 жыл

**Пікір берушілер:**

Сайлаубаева Н. Е. - тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Серикбаева Б.М.- Павлодар облысы, Май ауданы, Ақжар орта мектебінің тарих пәні педагог-зерттеуші мұғалімі.

**Құрастырушы:** Уаханова Н.Е. Тарихи деректерді оқыту.Элективті курс бағдарламасы. 11- сынып - Нұр-Сұлтан, 2022. -10 б

Бұл курс бағдарламасы жаңартылған білім беру стандартына сай 11 сынып оқушыларын Қазақстан тарихы пәнінен мемлекеттік қорытынды аттестатауға және Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық мақсатында жазылған. Бағдарламада ежелгі және орта ғасырлардағы, Жаңа замандағы, Тәуелсіз Қазақстан тарихын жүйелі және практикалық бекіту сабақтарын ұштастыру арқылы құрастырылған.

## МАЗМҰНЫ

Түсінік хат.....	3
1. Бағдарлама мазмұны.....	5
2. Күнтізбелік- тақырыптық жоспар.....	7
Пайдаланылған әдебиеттер.....	9

«Тарихи деректерді оқыту» атты элективті курс бағдарлама оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары мен элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ң 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына (Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ) енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді[1].

11 сыныпта оқу үрдісі қоғамдық-гуманитарлық бағытында тарихи деректер бойынша жүргізілгендіктен, кәсіп курсының компонентінен «Тарихи деректерді оқыту» курсы аптасына 1-сағат қарастырылған. «Тарихи деректерді оқыту» элективті курсы бағдарлама аясында Ұлттық Бірыңғай Тестілеу мен қорытынды аттестаттауға мектеп бітіруші түлектерді дайындығы үшін пайдалану көзделген.

**Бағдарламаның басты өзектілігі:** тарихи сандар мен деректер бойынша қазақ жеріндегі әр даму кезеңіндегі өзіндік мақсат-мүддесін көтерген басты проблемалар мен археологиялық зерттеуде қолданған амал-тәсілдерді таныту кезінде оқушылардың Отан тарихына қызығушылығын арттырып, патриоттық сезімдерін ояту және практика жүзінде жинақтаған білімдерін қолдануға бағытталған.

Тарих бойынша қолданылатын тарихи деректер мен мезгілдер археологиялық зерттеулер ретінде табылған ертедегі тұрақтар мен заттар қазіргі қазақ тарихының басты тақырыптары болып келеді.

**Бағдарлама мақсаты:**

Тарихи деректер негізінде Қазақстан тарихының негізгі оқиғаларын шығармашылық іздену және ғалымдардың еңбектерімен танысу арқылы зерттеу және зерделеу.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- оқушылардың тарихи білімдерін өздігінен шығармашылық ізденуі арқылы тереңдету;
- тарихи мағлұматтарды іздеу және жүйелеу қабілеттерін дамыту;
- қазақ халқы және оның тілін зерттеген ғалымдардың еңбектерімен таныстыру.
- қазақ халқының қалыптасуын /этногенезін/ тарихи деректер арқылы түсіндіру.

**Күтілетін нәтиже:**

- оқушылар тарихи білімдерін өздігінен шығармашылық ізденуі арқылы тереңдетеді;
- тарихи мағлұматтарды іздеу және жүйелеу қабілеттерін дамытады;
- қазақ халқы және оның тілін зерттеген ғалымдардың еңбектерімен танысады;
- қазақ халқының қалыптасуын /этногенезін/ тарихи деректер арқылы түсіндіреді.

**Пәнаралық байланыс:**

Курстың мазмұндық материалы география, және дүние жүзі тарихы, қазақ әдебиеті пәндерімен тығыз байланысты. Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының ажырамас бір бөлігі болса, еліміздің таулары мен өзен-көлдерін картада табу арқылы география пәнімен байланыс орнатылады. Түркі халқының рухани және материалдық мәдениетін оқу барысында қазақ әдебиеті пәнінде танқан материалдарды пысықтай түседі.

**Оқыту нәтижесінде алынған білім мен дағды деңгейіне қойылатын талаптар:**

«Тарихи деректерді оқыту» тақырыбындағы элективті курсын меңгерген оқушы жүйелі білім алып қана қоймай, сонымен қатар, оқушылар 11-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен қорытынды аттестаттау мен Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық жүргізуге мүмкіндік алады. Курс бағдарламасына оқу құралы қосымша беріліп отыр. Оқу құралы әр тақырыпқа сай жүйлі мағұлмат, кесте және тақырыптық карталар, тақырыптық эссе тақырыптарымен толықтырылған.

**1. Бағдарлама мазмұны**

Қазақстан тарихы пәнін оқытудың басты мәні, ел тарихын білім алушыларға жан-жақты жеткізу. Ал бұл бағдарламаның мазмұны-Қазақстан тарихы пәнінің орта мектеп оқушыларына арналған тақырыптарды толықтай қамтиды. Курсты оқыту барысында сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, автор орындығы, бес саусақ, өрмекші, коллаж әңгіме, сұраққа жетіп ал, таза тақта, миға шабуыл, Insert белсенді оқыту әдістерімен бірге дәріс, түсіндіру, әңгімелеу, пікірталас, презентациялау, топтық жұмыс, оқыту формаларын, сонымен қатар, қолдану жоспарланған.

### **I тарау. Ежелгі Қазақстан туралы деректер. (5 сағат)**

Біз көбінесе оқушыларға Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері, Сақтар. Ғұндар. Үйсін мемлекеті. Қаңлы. X – XIII ғғ. тақырыптарын өткенде тарихи деректер мен шет ел жазбаларындағы мәліметтерді білім алушыларға қызықты жеткізуді көздейміз. Оқушылардың бойында ел мен жер тарихына байланысты мақтаныш сезімі болуы керек.

### **II тарау. Орта және жаңа замандағы Қазақстан деректері. (19 сағат)**

Бағдарламаның бұл бөлімінде тек тарихи оқиғалардың маңызы және курсымыздың ерекшелігіне орай хронологияларды оқыту мақсат етілген. Қазақстан территориясындағы мемлекеттер. Қазақстанды Моңғолдардың жаулап алуының алғашқы кезеңі. Алтын Орда. Ақ Орда. Ноғай ордасы, Сібір хандығы. Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттары. Қазақ даласындағы көшпенділер шаруашылығы. XVI ғасырдың соңындағы Қазақ хандығы. Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдау. Абылайхан билігі тұсындағы Қазақ хандығы. С. Датұлы бастаған Кіші жүз шаруаларының көтерілісі. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Қазан төңкерісі. Азамат соғысы жылдары. Ұжымдастыру кезіндегі Қазақ жеріндегі зардаптар. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Қазақстандағы индустрияландыру саясаты. Тың игеру саясаты.

### **III тарау Қазіргі заманғы Қазақстан деректері ( 10 сағат)**

Кезең кезеңмен тарихи оқиғаларды оқытуда, жылдар, деректерді оқушыларға есте сақтату маңызды. Дегенмен оқушылардың таным дағдысының дамуын шектемеуіміз керек деп ойлаймын. Сондықтан осы курсымыздың әр сабағында Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында жеткен әр жетістігін, саяси оқиғалар хроникасын тілге тиек етіп айтып, оқушылардың санасына құйып отыруды жөн санадым.

Мәселен, 1991 жылы 10 желтоқсанда ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңға сәйкес Республиканың атауы "Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы" "Қазақстан Республикасы" болып өзгертілді. Алайда, 1978 жылғы қазақ Конституциясында 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғанға дейін "Қазақ Кеңестік

Социалистік Республикасы" деген атау сақталған.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан КСРО-ның іс жүзінде ыдырауынан кейін (8 желтоқсан, Беловеж келісімі) барлық одақтас республикалардың соңғысы ретінде өзінің тәуелсіздігін жариялағаны есте қаларлық оқиға болды. Оған дейін жалғыз тәуелсіз түркі мемлекеті-Түркия, одан кейін АҚШ пен көршілес Қытай бірінші болып танылды. 21 желтоқсанда Қазақ КСР Президенті Н. Назарбаев Беловеж келісіміне Алматы хаттамасына және ТМД мақсаттары мен принциптері туралы Алматы декларациясына қол қойды.

Тәуелсіздік жылдарындағы ел тарихын білім алушылардың өз тарихтары, Отан тарихын баса оқыту, сандық деректерді жаттату маңызды.

## **2.Күнтізбелік- тақырыптық жоспар**

№	Тақырыбы	Сағат саны
---	----------	------------



<b>I тарау. Ежелгі Қазақстан туралы деректер.</b>		
1	Ертедегі тұрақтар. Ашель және Ботай мәдениеті	1
2	Қазақстан тас дәуірінде	1
3	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері	1
4-5	Сақтар. Ғұндар. Үйсін мемлекеті. Қанлы	2
<b>II тарау. Орта және жаңа замандағы Қазақстан деректері</b>		
6	X–XIII ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттер	1
7	Қазақстанды Моңғолдардың жаулап алуының алғашқы кезеңі	1
8	Алтын Орда	1
9	Ақ Орда	1
10-11	Ноғай ордасы, Сібір хандығы	2
12-13	Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттары	2
14-15	Қазақ даласындағы көшпенділер шаруашылығы	2
16-17	XVI ғасырдың соңындағы Қазақ хандығы	2
18-19	Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдау	2
20-21	Абылайхан билігі тұсындағы Қазақ хандығы	2
22-23	С.Датұлы бастаған Кіші жүз шаруаларының көтерілісі	2
24	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс	1
<b>III тарау Қазіргі заманғы Қазақстан деректері</b>		
25	Қазан төңкерісі. Азамат соғысы жылдары	1
26	Ұжымдастыру кезіндегі Қазақ жеріндегі зардаптар	1
27	Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	1
28	Қазақстандағы индустрияландыру саясаты	1
29	Тың игеру саясаты	1
30-31	Тоқырау жылдарындағы Қазақстан	2
32	Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы басты оқиғалар	1
33-34	Нарықтық экономикаға көшу. Қазақстанның дамуы	2

**Бағалау формалары:** Оқушылардың білім деңгейі алға қойылған мақсат пен жас ерекшеліктеріне қарай бағаланады. Бағалау барысында: материалдың дұрыс әрі сапалы баяндалуын, ұғымдар мен заңдылықтардың толық ашылуын, оқушылардың дербес жауап беруін, материалдың дәлелді баяндалуын, интеллектуалды, жалпы оқуға қатысты және өзіндік икемділік қалыптастырғанын ескеру қажет.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР-ң 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына қосымша (Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ) <https://adilet.zan.kz> > kaz > links
2. Нұрпейсов К. «Қазақстан тарихы», -А: «Мектеп», 2002. -148 б.
3. Тасмағанбетов И., Абен Е., Арын Е. «Первые лица государства» Политические портреты.-А: «Білік» 2001. -12 б.
4. «Қазақ тарихы»-А: 1-5 томдар. -358 б.
5. «Қазақстан тарихы»-А: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. -333 б.
6. Қасымбаев Ж. «Қазақстан тарихы»-А. «Мектеп» 2004. -5 б.
7. Бабаев Д., Жолдаспаев С., Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. «Қазақстан тарихы»- А. «Атамұра» 2003. -256 б.
8. Аяған Б.Ғ проф. Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейін).Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық.3-басылым, өңделген.Жалпы ред.басқ.тарих ғылымдарының док.,– Алматы:Атамұра, 2013. – 400 б.
9. Қабылдинов З.Е. 8 (7)-сыныбына арналған /Құраст.Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғасырлар). Хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің– Алматы:Атамұра, 2018. – 96 б.
- 10.Омарбеков Т., Хабижанова Г., Қартаева С., Ноғайбаева Т, М.Қазақстан тарихы (Орта ғасырлар). Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. / . – Алматы:Мектеп, 2018. – 184 б.
- 11.Бекмаханов Е.Б. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4 том. (Қазақстан тарихы (оқулық және оқу құралдары)). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 416 б.
- 12.Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9 сыныптарда) «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту бойынша әдістемелік ұстанымдар, - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 84 б.
- 13.Жолшыбеков Ә.Р Жалпы ред.басқарған.–Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы».
  - а. //Халықаралық ғыл.-практ. Конф.материалдары. Астана: Қазақстан Республикасының Парламентінің Мәжілісі, 2011. – 198 б.
- 14.Сағынғали А.С., Каиповой Б.М. Под общей редакцией Республика Казахстан:политическая модернизации.Сборник выступлений и статей /– Алматы: Издательский дом «Таймас», 2008. – 192 б.
- 15.«Иллюстрированная история Казахстана»: С древнейших времен до наших дней: В 4-х томах. Том 3. Казахстан со второй половины XIX века до первой половины XX века. Алматы, 2005. – 320 б.

- 16.Көпіш Ә. /Құраст.:Қазақ халқының тарихи тұлғалары.Қысқаша анықтамалық – Алматы,Өнер, 2016. - 312 б.
- 17.Қожамжарова Д.П. Қазақ хандығы. Монография. 2 басылым. / Тараз: БигНеоСервис, 2015. – 255 б.
- 18.Галиев А. Керей мен Жәнібек. Тарих, тұлға, уақыт. / Алматы:Аруна, 2004. – 92 б.
- 19.Байболұлы Қ. Еңсегей бойлы ер Есім. Дастандар. / Алматы: Жалын, 2005. – 320 б.
- 20.Есламғалиұлы М. Ғұмырнамалар мен ғибратнамалар./ Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 216 б.
- 21.Касымбаев Ж. Абылай хан.История, личность, время. / Алматы: Аруна, 2003. – 92 б.
- 22.Жұмаханов Т. Қасым хан. Тарихи баян. / Алматы: Аударма, 2004. – 184 б.